



ШЕШІМ

06.03.2019 № 356/45-VI

Астана қаласы

**Астана қаласының көші-қон
процестерін реттеу қағидаларын
бекіту туралы**

1997 жылғы 16 сәуірдегі «Тұрғын үй қатынастары туралы», 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2011 жылғы 22 шілдедегі «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, «Облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы көші-қон процестерін реттеудің үлгі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 25 мамырдағы № 296 қаулысына сәйкес, сондай-ақ көші-қон процестерін басқаруды және экономикалық өсуді қамтамасыз ету, астананың қауіпсіздігін нығайту және көшіп-қонушылардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын іске асыру үшін жағдай жасау мақсатында, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Астана қаласында көші-қон процестерін реттеу Қағидалары бекітілсін.

2. «Астана қаласында көші-қон процестерін реттеудің қағидалары туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 8 қыркүйектегі № 185/22-VI шешімінің күші жойылған деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1135 тіркелген, 2017 жылдың 7 қазанында «Астана ақшамы», «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған).

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласы мәслихаты
сессиясының төрағасы

К. Әбден

Астана қаласы
мәслихатының хатшысы

Ж. Нұрпейісов

Астана қаласы мәслихатының
2019 жылғы 6 наурызда
№ 356/45-VI шешімімен
бекітілді

Астана қаласындағы көші-қон процестерін реттеу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Астана қаласындағы көші-қон процестерін реттеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) көші-қон процестерін басқаруды және экономикалық өсуді қамтамасыз ету, астананың қауіпсіздігін күшейту және көшіп-қонушылардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын іске асыру үшін жағдай жасау мақсатында, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне, Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі, «Халықтың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі заңдарына, «Облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы көші-қон процестерін реттеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 25 мамырдағы № 296 қаулысына сәйкес әзірленген.

2. Көші-қон процестерін реттеу:

адамның тұрғылықты жерді еркін таңдау, еңбек ету еркіндігін және қызмет түрі мен кәсібін өз қалауынша таңдауға конституциялық құқығын қамтамасыз етуге;

кету және орын ауыстыру бостандығына;

шығу тегі, әлеуметтік және мүліктік жағдайы немесе өзге де мән-жайлар бойынша кемсітушілікке жол бермеуге негізделеді.

3. Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен терминдер:

1) ішкі көшіп-қонушы – тұрақты немесе уақытша тұру мақсатында Қазақстан Республикасының ішінде өз бетінше қоныс аударушы немесе қоныс аударушы адам;

2) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган – өз құзыреті шегінде халықтың көші-қон саласындағы көші-қон процестерін реттеуді және жұмысты үйлестіруді жүзеге асырушы мемлекеттік орган;

3) тұрғынжай – тұрақты тұруға арналған және соған пайдаланылатын, белгіленген санитариялық-эпидемиологиялық, техникалық және басқа да міндетті талаптарға сай келетін жеке тұрғын үй бірлігі (жеке тұрғын үй, пәтер, жатақханадағы бөлме);

4) көшіп келуші – Қазақстан Республикасына уақытша немесе тұрақты тұру үшін келген шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам;

5) қоныс аударушы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударатын ішкі көшіп-қонушы;

б) оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге тұрақты тұру үшін келетін, Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін қоныс аударушылардың немесе қоныс аударушылар мен олардың отбасы мүшелерінің шекті саны.

4. Астана қаласында көші-қон процестерін мониторингілеу олардың әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуға, экологиялық ахуалына әсері ескеріле отырып жүзеге асырылады.

5. Астана қаласындағы көші-қон процестерінің ерекшеліктеріне халықтың тығыздығы, көшіп келу, эмиграция, еңбек көші-қоны, ішкі көші-қон ағыны, урбандалу процесі, өңірдің экологиялық және діни жағдайы, халықтың ұлттық құрамы, өңірлік еңбек нарығының теңгерімділігі жатады.

6. Елордадағы көші-қон процестерін реттеу үшін Астана қаласының жергілікті атқарушы органы халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органға:

1) оралмандар мен қоныс аударушыларды орналастыру үшін өңірдің тиісті аумағын белгілеуге (алып тастауға);

2) шетелдік жұмыс күшін, оның ішінде этникалық қазақтар мен бұрынғы отандастар қатарынан тартуға квотаны ұлғайтуға (қысқартуға);

3) орта мерзімді кезеңге немесе алдағы жылға оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квоталарын ұлғайтуға (қысқартуға) қатысты ұсыныстар енгізеді.

7. Оралмандар мен қоныс аударушыларды қоныстандыру Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квоталарына сәйкес жүзеге асырылады.

8. Халықтың кетуі халықтың көбею қарқынына қарағанда көп болған кезде көші-қон процестерін реттеу, білікті жұмыс күшін тартуға және оларға жедел әлеуметтік бейімделуге жәрдем көрсетуге, оралмандарды, әсіресе жастарды кәсіптік оқытуға және қайта даярлауға бағытталған іс-шаралар әзірлеу арқылы жүзеге асырылады.

9. Астана қаласының жергілікті атқарушы органы жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен өздеріне жүктелетін көші-қон процестерін реттеу саласындағы өзге өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Көші-қон процестерін реттеу тәртібі

10. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге тұрғылықты жері

бойынша тіркеу 1 (бір) адамға пайдалы алаңы кемінде 15 (он бес) шаршы метр мөлшерінде тұрғын үй беру нормасы ескеріле отырып жүзеге асырылады.

11. Жақын туыстарын (ата-аналарын, балаларын, бала асырап алушыларды, асырап алынғандарды, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілерін және апа-сіңлілерін, аталарын, әжелерін, немерелерін), сондай-ақ тұрғын үй иесінің отбасы мүшелерін тұрғылықты жері бойынша тіркеу тұрғын үй алаңының мөлшеріне қарамастан жүзеге асырылады.

12. Тұрғылықты, уақытша болу (тұру) жері бойынша тіркеу жүзеге асырылған жағдайда уәкілетті органның жауапты қызметкері ақпараттық жүйелер арқылы Қағидалардың 10-тармағында белгіленген жалпы алаңның ең төменгі мөлшерлері нормасының сақталуын тексереді.
